

Еліміз бастамалары лайықты бағаланды

(Соңы. Басы 1-бетте).

танытуға, беделін өсіруге септігін тигізетін шара ретінде қарастырған абзал.

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған Қазақстан делегациясы Неапольдегі дінаралық кездесуге алғаш рет қатысты. Делегация құрамында еліміздегі негізгі діндер басшыларының бәрі, атап айтқанда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі, Астана архиепископы, Қазақстан Республикасындағы Рим-католик шіркеуінің митрополия басшысы Томаш Пэта, Қазақстан Республикасындағы Евангелия-лютеран шіркеуінің епископы Юрий Новгородов, Қазақстан Республикасының Бас раввині Ешяя Коген, Қазақстан Республикасындағы орыс православие шіркеуінің баспасөз хатшысы Александр Иевлев болды. Сондай-ақ Қ.Тоқаевқа сенаторлар Серік Аяғанов, Светлана Жалмағамбетова, Жақай Нұрғалиев, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Дін істері жөніндегі комитетінің төрағасы Ералы Тоғжанов пен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Дулат Қуанышев еріп жүрді.

Италия жеріне дүние жүзінің бірқатар мемлекеттерінен, солардың ішінде Қытай, Үндістан, Жапония, Малайзия, Сауд Арабиясы, Иран, Біріккен Араб Әмірліктері, Танзания, Эквадор, Кот д'Ивуар, Сенегал, т.б. көптеген елдерден 200 өкіл келді. Олардың да келген мақсаттары көрініп тұрды. Мәселен, Танзания президентінің сөзінен ел халқының 17 пайызы СПИД ауруына шалдыққанын білдік. Еуропада көптеген қайырымдылық қорла-

ры бар. Солар көмек қолдарын созса екен дейді.

Конференция кезінде Қазақстанға, еліміздің әлеуетіне деген қызығушылық анық байқалды. Отанымыздың аты Қытай, Үндістан секілді алып та танымал мемлекеттермен қатар аталды. Бұл жойт еліміздің Орталық Азия өңіріндегі көшбасшылық рөлін қуаттай түсті.

Қ.Тоқаев конференцияның ашылу салтанатында және секциялық отырыстарда сөйлеген сөздерінде Қазақстанды таныстыру, таныту бағытында өзінің саясаткерлік қырын жан-жақты көрсете білді. Осының нәтижесінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында біздің Отанымыз туралы бірқатар позитивті мақалалар жарияланды. Оларға қызығушылық танытқандар да көп болды. Бұл Қазақстан жағы өткізген "Азия мен Еуропа: қактығыс немесе ынтымақтастық. Қазақстандық модель" деп аталатын кездесу кезінде оған қатысушылар тарапынан қойылған сауалдардан айқын көрінді.

— Конференцияның ашылуы мен жабылуы әдемі ұйымдастырылды. 2009 жылы Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съезінде соның жақсы жақтарын алсақ дұрыс болар еді, — дейді Әбсаттар қажы Дербісәлі бізбен әңгімесінде. — Бұл туралы Қасым-Жомарт Кемелұлына да айттым. Ол кісі ұсынысымды күп көретінін білдірді. Конференцияның соңына қарай, қорытынды үндеуге қол қоярдың алдында әр дін өкілдері жеке-жеке бөлініп, бас қосты. Мұсылмандар жиынына Неапольдегі ислам дінін қабылдаған көптеген жастар қатысты. Онда Египет, Ирак делегацияларының мүшелері сөз сөйледі. Конференцияны ұйымдастырушылар мен Италиядағы мұсылмандар

менен Қазақстан, еліміздегі мұсылмандар туралы айтып беруімді өтінді. Мен жарты сағаттай сөз сөйлеп, Қазақстан туралы, осы конференцияға келудегі мақсатымыз жайында және исламның асыл қасиеттері хақында әңгімеледім. Әңгіме барысында жиналғандар оқтын-оқтын қол шапалақтап, ризашылықтарын білдіріп отырды. Жалпы, басқосу жақсы әсер қалдырды.

Рим қаласында Қазақстан делегациясының басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, бұған дейін де хабарланғанындай, Италия президенті Джорджио Нapolитаномен, Италия премьер-министрі Романо Проди мен және Италия Республикасы парламенті сенатының төрағасы Франко Маринимен кездесті. Ватиканның мемлекеттік хатшысы Тарчизио Бертономен, Ватиканның бұрынғы мемлекеттік хатшысы, Кардиналдар алқасының басшысы (декан) Анджело Соданомен жүздесіп, Рим Папасы Бенедикт XVI-ның қабылдауында болды. Қ.Тоқаевты Рим Папасының қабылдауы Қазақ еліне деген құрмет екені анық.

Сонымен, аз күннің ішінде көптеген кездесулер болды. Қазақстанды шетелдіктер алдында таныту, таныстыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Еліміз аумағы жөнінен дүние жүзінде 9-шы орын алатыны, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съезіне бастамашылық жасағаны, өз еркімен әлемдегі 4-ші ядролық арсеналдан бас тартқаны атап айтылды. Бұлардың барлығы жиналғандар тарапынан үлкен ризашылықпен қабыл алынып жатты. Тұтастай алғанда, фо-



Бақтияр ТАЙЖАН,
"Егемен Қазақстан".

Алдыңғы күні Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Нұрғали Әшімов "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" АҚ президенті Сауытбек Абдрахмановпен кездесті. Жүздесу барысында басылым басшысы Шымкент қаласының соңғы уақыттардағы ажарын әңгімеге арқау етті. Мейман бұрын елуден астам базардың орны болған "Көл" аумағының тотыдай таранған көрінісіне ризашылығын білдіре келіп, облыс орталығындағы асфальт жолдардың сапасы артқанын, суық күз төрге шыкса да көктемде егілген гүлдердің әлі жайнап тұрғанын айтты.

Өз кезегінде Нұрғали Әшімов қолға алынып жатқан шаралардың одан әрі қарай жалғасатынын сөз етіп: "Облыстағы жақсы істер Өмірзақ Шөкеевтің бастамалары, біз оны мақсаткершілдікпен дамыта түсеміз", — деді. Содан кейін облыс әкімі кезінде халық қолынан шығып кәсіпкерлерге беріліп кеткен саябақтардың алды мемлекеттік меншікке қайтарыла бастағанын, көптеген бизнес иелерінің мұндағы жер телімдерін өз ықтиярымен беріп жатқандығын баяндады.

Оңтүстіктегі қалалар мен елді мекендерге, қалаға байланысты тұжырымдарын таратып айтқан Нұрғали Сәдуақасұлы Қазақстандағы халқының саны жағынан ең үлкен аймақтың келелі мәселелерін сөз етті. Мұнда мемлекет дәрегейінде шешілуге тиіс мәселелер баршылық. Мәселен, бұл өңірдің

румға қатысушы елдер Қазақстан делегациясының қызметін өте жоғары бағалады.

Кездесулер кезінде Қазақстан делегациясының басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа көптеген шақыртулар түсті. Мәселен, Қ.Тоқаев қараша айының ортасы ауа бере Испанияның Барселона қаласында өтетін, "Шығыс-Батыс" деп аталатын халықаралық форумға шақырылып отыр. Қазақстан Парламенті Сенаты Төрағасының Қытай, Судан, т.б. елдерге жолы түсуі де ықтимал.

Сөз соңында Қазақстанның Римнің ортасынан ойып тұрып 8 гектар жер сатып алғанын, сол жерге елшіліктер ішіндегі ең әдемісі салынатынын, сондай-ақ өнер, әдебиет, мәдениет, спорт өкілдері келіп демалатын ғимарат тұрғызылатынын айта кеткенді жөн көріп отырмыз.

Суреттерді түсірген
Сайлыбай МАЙЛЫБАЕВ.

Оңтүстік ірі өндірістерге арқа сүйемек ниетте

• Жазылым-2008



кәсіпорындары шағын және орта бизнеске негізделген. Адамдардың дені де осы салаға шоғырланып, нәпақасын шағын бизнестен айырып отыр. Екінші дәрежелі банктер несие бере алмаған жағдайда, мұндай құрылымдар шарт сынбағанымен, белі мықтап бүгілетіндігі сөзсіз. Сондықтан облыстың бүгінгі жағдайына малданып қалмай, ірі кәсіпорындар салуды қолға алмаса болмайды. Инновациялық бағыттағы ғылыми тәжірибесі мол әкім осы бағдарлама бойынша жұмыс істемек ниетте. Қарағандының тасын өрге домалатып тұрған "Испат-Қармет" секілді алып кәсіпорынды Оңтүстікте де салуға болады екен. Түлкібас ауданында темірдің мол қоры бар. Елбасы бұл жағдайдан толық

хабардар. Кенішті игеруге қажет 60 пайызды инвесторлардың үлесіне қалдырып, қалған 40 пайызды "Оңтүстік" ӘКК-і мен халықтың өзіне тең бөлуге ұсыныс берген. Зауыт іске қосылса 30 мыңдай адамға жұмыс орны ашылмақ. Кен бар. ЖЭС бар. Сондықтан өңдейтін зауытты мұнда жұмыс істетуге өбден болады.

Әңгіме арқауы Отанымыздың бас басылымына жазылу жайына ойысқанда Нұрғали Әшімов: "Егемен Қазақстан" — елдің газеті. Ол әрбір мемлекеттік қызметкердің, қазақ отбасының шаңырағында болуы керек. Оңтүстік жұрты былтырғы межелен асып жазыларына сенемін", деді.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

БАҒА, ҚАЙДА